



Әуликөл ауданында 2011 жылға арналған тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 136 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 сәуірде № 9-7-132 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Әуликөл ауданында 2011 жылға арналған жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін тұрғындардың нысаналы топтары белгіленсін, қосымшаға сәйкес.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғындардың нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың жұмыспен қамтылуына ықпал жасау бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р. Нұғмановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл ауданының әкімі

Б. Ғаязов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 1 жылғы 1 0 наурыздағы

№ 136 қаулысына қосымша

Жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін

2011 жылға арналған Әуликөл ауданындағы тұрғындардың нысаналы топтары

1. Табысы аз адамдар.

2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.

3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.

4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көпбалалы ата-аналар.

5. Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында

тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар
а з а м а т т а р .

6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке
шығуға екі жыл қалған).

7 . М ү г е д е к т е р .

8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар.

9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р .

1 0 . О р а л м а н д а р .

11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.

12. Жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке
тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына
байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.

13. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын
бітірушілер.